

1-ЗС. Жоғарғы геодезияда қолданылатын координаталар мен биіктік жүйелері талдау.

Методикалық нұсқаулар:

Жоғарғы геодезиядағы негізгі координаталық жүйелер мен биіктік жүйелерінің түрлері мен ерекшеліктерін зерттеу. Олардың құрылымын, қолданылу саласын және арасындағы айырмашылықтарды түсіну. Өртүрлі жүйелердің нақты геодезиялық есептерді шешудегі маңызын бағалау.

Тапсырмалар:

- Жоғарғы геодезияда қолданылатын негізгі координаталық жүйелерді атаңыз және сипаттаңыз (географиялық, тікбұрышты (прямоугольный), жазық (плоский) және т.б.).
- Биіктік жүйелерінің түрлерін талдаңыз: астрономиялық, нормальды және орталықтандырылған биіктіктер.
- Координаталық және биіктік жүйелердің ерекшеліктері мен қолдану аясына қысқаша сипаттама беріңіз.
- Қолданылатын жүйелердің бірін таңдап, оның геодезиялық есептердегі рөлін түсіндіріңіз.

Талдауға арналған сұрақтар:

1. Геодезиялық координаталар жүйелерінің қандай түрлері бар және олар неге қажет?
2. Биіктік жүйелерінің әрқайсысының ерекшеліктері мен артықшылықтары қандай?
3. Неліктен биіктік жүйесін дұрыс таңдау геодезиялық өлшеулердің дәлдігіне әсер етеді?
4. Жоғарғы геодезиядағы координаталық жүйелер мен биіктік жүйелерінің байланысы қандай?